Конкурс проведен по разным направлениям образования и по разным темам. Айзада на конкурсе представила эссе на государственном языке под названием «Ұстаз берген бағыт», в котором отразила свое суждение о роли учителя в жизни каждого обучающегося.

Поздравляем Айзаду с победой!

Онлайн-кездесу

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ ХАЛҚЫМА

Бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көп этносты халқының ортақ тарихын құрметтеу күні. Алғыс айту күні-қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл- репрессия мен жер аудару жылдарында қазақ халқы көрсеткен мейірімділік пен ақ көңілділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.

Алғыс айту күні- ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бей-

бітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Яғни тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына мәрттігі мен жомарттығы жарасқан қазақ еліне терең тағзымның белгісі.


Осы мерекеге орай Қарағанды облыстық өлкетану мұражайы арнайы, „Ұлы Даланың асқақ рухы„ деп аталған онлайн-кездесу диалогы болды. Аталған тамаша шараға Қарағанды Медицина Университеті, Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының ассистент-профессоры К.Ж.Абдрахманованың ұйымдастыруымен 1-2курс (жалпы медицина, тпф) студенттері де қатысып тамашалады.

Шараның саналы жас ұрпақ тәрбиелеуде, білікті, мәдениетті, ізгілікті кадрларды қалыптастыруда маңызы зор екенін жақсы білеміз. Жалпы Университет жастары мен облыстық өлкетану мұражайы арасында тығыз байланыс бар. Өте қуантарлық жағдай. Бірлесе көтерген жүк жеңіл демекші, шығармашылық ынтымағымыз арта берсін. Мереке құтты болсын!

Вебинар

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСКЕН ҰЛТ КӨСЕМІ» АТТЫ ВЕБИНАР

2021 ж. наурыз айының 5 жұлдызында Әлихан Бөкейханның 155 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік үшін күрескен ұлт көсемі» вебинары «Самұрық» студенттік республикасының ұйымдастыруымен өткізілді.



Кештің арнайы қонақтары Евразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық университеті, «Нұр-Мұбарак» Египет Ислам мәдениеті университеті, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеттің студенттік топ жетекшілері болды.

«Медицина университетінің студенттері тарих пен саясатты өте жақсы біледі, қызығушылықтары жоғары, ұлтжандылығы, патриоттық сезімдері кеудемізде қуаныш сезімін оятты. Біздің тарихшы, археологтардың деңгейімен салыстыруға болады» деп КазҰУ студенті Асқар өз ойын білдірді.

Кеш барысында викториналық сұрақтар, ойындар, сонымен қатар Астана қаласындағы Әлихан Бөкейхан музейіне онлайн-экскурсия ұйымдастырылды.

Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының ассистент-профессоры Әлихан Бөкейханның ұрпағы, туған жиеншары Абдрахманова Камшат Жаксылыққызы Алаш қайраткері туралы көп мағлұмат беріп, тарихи мәліметтермен бөлісті.

Студенттер қауымы үшін онлайн кездесудің танымдық тәрбиелік маңызы өте зор болды. Студенттер белсенді атсалысып, қызығушылықтарын көрсетіп жатты, олардың ұлтжандылығы, патриоттық рухы және тарихқа деген құрметі ерекше сезілді.

Ұлыларды ұлықтау азаматтық борышымыз. Алда осындай шаралар көп өткізілсе тәрбиелік маңызы зор болатыны сөзсіз. Ұлт көсемінің 155 жыл мерей тойы құтты болсын!

Жобалар

КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ ЖАҢА КӨЗҚАРАСТАР

2021 жыл « FOSTering the doctoR of the 21st century: education for patient-centered communication (FOR 21) /»XXI ғасыр дәрігерінің дамуына жәрдемдесу: пациентке бағытталған коммуникативті дағдыларға үйрету» атты жаңа халықаралық жобаның басталуынан басталды.



Бұл жоба 3 Еуропалық университеті мен ТМД елдерінің 6 университетін біріктірді:

- Aristotle University of Thessaloniki (Грекия)
- University of Leeds (Ұлыбритания)
- University of Oulu (Финляндия),
- И. И. Мечников атындағы Солтүстік-Батыс мемлекеттік медицина университеті (Санкт-Петербург)
- Тюмень мемлекеттік медицина университеті (Тюмень)
- КеАҚ «С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» (Алматы)
- КеАҚ «Қарағанды медицина университеті» (Қарағанды)
- Самарқанд мемлекеттік медицина институты (Самарқанд)
- Ташкент медициналық академиясы (Ташкент).

Осы жобаға грант ұсынушы Оңтүстік Еуропаның жетекші университетінің бірі - Салоникидегі Аристотель университеті (AUTH) болып табылады. AUTH медициналық білім беруде оқытудың жаңа және инновациялық әдістерін енгізу үшін білім берудегі өзгеріп отыратын парадигмалар мен озық технологияларды зерттеуге баса назар аударумен қатар, университет халықаралық жобаларға, соның ішінде Erasmus + - ке қатысу бойынша көп жылдық табысты тәжірибеге ие. Грант беруші ретінде Аристотель университеті дәрігер мен пациент арасындағы байланысты жақсарту және алдыңғы қатарлы орталықтар желісін құру үшін, атап айтсақ:

- а) серіктестердің медициналық оқу бағдарламала-

рын ынталандыру,

ә) коммуникацияға үйретуде жаңа технологияларды жаңарту және енгізу бойынша коммуникативті құзіреттілік пен әлеуметтік жауапкершілікті дамытуда өз тәжірибесін ұсына отырып өз үлестерін қосады.

Жобаны ұлттық және халықаралық гранттарды басқаруда он жылдық тәжірибесі бар медициналық білім берудің жетекшілері, профессор Панайоитис Бамидис (Греция) мен профессор Терри Пултон (Ұлыбритания) жүзеге асырады.

FOR21 жобасының басты мақсаты - дәрігер мен пациент арасындағы байланысты жақсартуға бағытталған коммуникативті құзіреттіліктер мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру бойынша білім беру стратегиялары мен оқу бағдарламаларын жасауға үлес қосу. Халықаралық консорциум медициналық ЖОО студенттерінің коммуникативті дағдыларын сапалы дамыту үшін оқытудың озық әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

FOR21 жобасы аясында серіктес елдерде халықаралық озық тәжірибені қолдау және дамыту үшін, сондай-ақ пациенттерге бағытталған коммуникативтік дағдыларды оқыту бағдарламаларын әзірлеу үшін коммуникативтік құзіретті дамыту орталықтары құрылады. Келесі үш жыл ішінде консорциум медицинада оқитын студенттерді қауіпсіз және сенімді ортада, оларды шынайы клиникалық практикаға дайындау үшін пациенттермен тиімді қарым-қатынас дағдыларына үйрету бойынша «виртуалды» және «стандартталған пациенттерді» қолданудың клиникалық сценарийлерінің қорын жасайды.

Жобаның нәтижелерімен КеАҚ «ҚМУ» сайтынан көре аласыздар:

http://erasmus.kgmu.kz/?page_id=1470

Онлайн-экскурсии

ОЗНАКОМИЛИСЬ С ЭКСПОНАТАМИ АНАТОМИЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Ассистентами профессоров кафедры морфологии и физиологии Р.Т. Карибжановой, Г.Б. Шапатовой 15-16 марта для студентов I курса специальности «Общая медицина» была проведена онлайн-экскурсия по анатомическому музею.



В связи с тем, что студенты изучают анатомию дистанционно, не имея возможности тесно работать с анатомическими препаратами и трупным материалом, онлайн-экскурсия позволила ознакомить их с экспонатами музея и закрепить дистанционно полученные знания по анатомии. При демонстрации отдельных анатомических препаратов и пластированного трупа были даны разъяснения.

Студенты проявили большой интерес к онлайн-экскурсии. В ходе ее осуществлялась обратная связь.

Профориентация

**КАЧЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ
ПО СОКРАЩЕННОЙ ФОРМЕ**

С участием ассистента профессора Газизой Абуовой и деканом Школы Общественного здоровья и биомедицины Жанией Даулеткалиевой проведена профориентационная работа среди выпускников и обучающихся медицинских колледжей.



Во встрече приняли участие более 120 выпускников медицинских колледжей из нескольких областей и городов Казахстана. Она состоялась на платформе ZOOM на двух языках, были показаны презентации и видеоролики, на многие вопросы выпускники получили удовлетворительные ответы.

Школа Общественного здоровья и биомедицины Медицинского университета Караганды, основанная в 1959 году, проводит набор выпускников медицинских колледжей на образовательную программу «Общественное здравоохранение» по сокращенной форме. Ее выпускники имеют возможность построить карьеру в Комитете санитарно-эпидемиологического контроля и его подразделениях, санитарно-гигиенических лабораториях, центрах формирования здорового образа жизни и профилактики болезней, лечебно-профилактических организациях.

Новости спорта

НАШ МАРАФОНЕЦ

В Караганде в дистанционном режиме прошел Чемпионат Карагандинской области по кроссу-5 км. В соревнованиях принял участие студент нашего университета Павел Овцынов (3-030 ОМ). Выступил очень успешно, заняв 1-ое место.

Специализация Павла в легкой атлетике - бег на длинные дистанции, и он не упускает возможности проявить свои способности в массовых соревнованиях.

Павел принял участие в забеге «Великолепная десятка» в рамках Гран-при «Я по 5», под эгидой Томского международного марафона (1-ое место). Его победы: Гран-при «Project-2020 под эгидой Томского международного марафона (1-ое место), Чемпионат Павлодар-

ской области в беге на 25 км (1-ое место), Чемпионат Павлодарской области по часовому бегу (1-ое место), Чемпионат Павлодарской области по кроссу 8 км (2-ое место), Чемпионат Павлодарской области по кроссу 10 км (2-ое место), Гран-при «5 o'clock» под эгидой Томского международного марафона (1-ое место), забег «Иртыш полумарафон» 21,1 км (1-ое место).



Поздравляем Павла с отличными результатами и желаем дальнейших успехов!

Центр физического здоровья

Встречи

ОСОБЕННЫЙ ПОДАРОК

В Медицинском университете Караганды представители клуба Молодых журналистов провели онлайн-интервью с руководителем молодой организации «Изобразительное искусство» Амангелді Аружан.

Вопросы касались истории ИЗО, а также последних новостей и результатов работы команды кружка. Беседа



коснулась вопросов, связанных с вдохновением молодых художников, тайн и загадок искусства, а также живописи и медицины.

В ходе общения Аружан представила новую эмблему и в конце выступления подарила ее клубу Молодых журналистов с намерением оставить небольшую память от коллектива ИЗО-студии университета. Команда клуба была очень рада сюрпризу.

Кездесулер

**МАҚСАТЫ АЙҚЫН,
ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ – ӘДІЛЕТ**

«КМУ-Life» жас журналистер клубы «Самұрық» студенттік республикасының (СР) президенті, студенттік ғылыми қоғамының мүшесі, медицина мектебінің 3 курс студенті - Райбаев Әділет Құмарбекұлымен онлайн-кездесу өткізді.

Онлайн кездесу барысында «KMU-Life» жас журналистер клубының мүшесі Ернұр Ерланұлы «Самұрық» СР президентінен құрылу тарихы туралы айтып беруді өтінді. Кездесу диалог түрінде өрбіді. Райбаев Әділет 2015 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан студенттік республиканың мақсаты мен жұмыс барысы туралы әңгімелеп берді.

ның мақсаты мен міндеті туралы сұхбаттасу өтті. «Самұрық» СР президенті жастардың, оның ішінде университет студенттерінің алдындағы атқарар қызметі мен міндеті жайында толығырақ сөз қозғады. Сонымен қатар, «Самұрық» СР құрамына кіру үшін студенттер іріктеу арқылы жылына 2 рет қабылданатындығы туралы да айтып өтті.

«Самұрық» СР Президенті алдағы жоспарларымен бөлісті. Райбаев Әділеттен жеке өмірі, университет таңдаудағы шешімі мен лидерлік қасиетті дамыту үшін қандай шаралар қолдануға болатындығы туралы ойымен бөлісін өтінді.

Райбаев Әділет 9-шы сыныптан бері медицина саласында оқуды армандап, алдына үлкен мақсат қойғандығын, Қарағанды медицина университетінде оқитындығын мақтан тұтатындығын айтып өтті. Студенттерге жалқаулыққа бой алдырмай, университеттің белсенді өміріне қыял араласып, оқуда озат болуды, таңдаған мамандығын сүйеге шақырды.

Кездесу соңында Ернур Ерланұлы «Самұрық» СР президентіне ашық сұхбат үшін алғыс білдіріп, медицина саласында және университеттің белсенді өмірінде үлкен жетістіктерге жетіп, биік белестерді бағындыруына тілегін білдірді.

Жастармен жұмыс бөлімі

Профилактика

ВАЖНЫЕ НАВЫКИ

На сегодня, в период пандемии коронавирусной инфекции, одной из важных мер является защита медицинского персонала.

Выполняя свою работу, медицинский персонал каждый день подвергается риску заражения, а задача представителей профилактической медицины - создать

условия для защиты коллег, занятых в провизорных, инфекционных стационарах и на уровне ПМСП.

Заместителем декана Школы Общественного здоровья и биомедицины Камаровой Айсулу Макашовной проведено обучение студентов 4 курса образовательной программы «Общественное здравоохранение» по использованию медицинским персоналом средств индивидуальной защиты. Студентам наглядно были продемонстрированы методы надевания и снятия средств индивидуальной защиты, принцип работы санитарного пропускника и т.д.

«Уверены, что приобретенные нами навыки по использованию современных средств индивидуальной защиты помогут в предстоящей профессиональной деятельности. Выражаем благодарность Айсулу Макашовой за знания», - отметили студенты выпускного курса.

Профориентационная работа

ВСТРЕЧА С ВЫПУСКНИКАМИ САРЫАГАШСКОГО РАЙОНА ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ассистент профессора Школы общественного здоровья и биомедицины Г. Т. Абуова провела профориентационную работу с выпускниками школы Сарыагашского района Туркестанской области.



Для учащихся 9-11 классов средней общеобразовательной школы № 39 имени Т. Айбергенова Сарыагашского района с 10 по 17 марта 2021 года была организована выставка на тему «Знакомство с колледжем и университетом», в которой приняли участие более 40 высших и средних учебных заведений из разных областей и городов Казахстана в онлайн и оффлайн режиме. Всего по району приняли участие 239 выпускников 9-11 классов из 10 школ.

Каждое учебное заведение провело профориентационную работу, отправив ссылку на платформу Zoom со сведениями о существующих специальностях и предоставляемых льготах и выделяемых грантах. Эту ссылку можно направить во все школы района в группе «Объявление» в WhatsApp Messenger отдела человеческого потенциала Сарыярашского района. Эти учебные заведения показали видеоролики и презентации своих учебных заведений. Учащиеся задавали много вопросов и получили на них исчерпывающие ответы.

Марафон добрых дел

ВОЛОНТЁРСКАЯ ПОМОЩЬ

В День благодарности, 1 марта, волонтеры студенческой республики «Самрук» организовали посещение пенсионерки, ветерана труда Пономарёвой Ирины Гавриловны.



В рамках шефской помощи Болатбек Аяжан, Сартбасова Аружан и Дуйсенбаева Аксана, студенты гр.1-001 Школы Фармации организовали помощь в работе по дому, очистке территории от снега, покупке продуктов.

По рассказам студентов, визит оказался запоминающимся - было интересно не только выполнять работу, но и общаться с Ириной Гавриловной.

Отдел по работе с молодёжью

3 место - Набиева Агджа, Хамитова Айзада, Марат Рамазан

Биологическая химия

1 место - Балтабай Жансая

2 место - Бағдат Қанат

3 место - Телжан Салтанат, Толқынбаева Әсел

Медицинская химия

1 место - Болатбек Аяжан

2 место - Исат Аяулым, Сайлаубек Айдана

Биология

1 место - Жунусова Дарина

2 место - Щеглова Алина, Тұрғанбек Шырайлым

Поздравляем всех победителей и желаем дальнейших успехов в учёбе!

Отдельную благодарность выражаем преподавателям и организаторам олимпиады.

Адалдық сағат

ТӨЛЕ БИ – АДАЛДЫҚ ПЕН ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

15-16 наурызда Мейіргерлік білім беру, фармация, қоғамдық денсаулық және биомедицина Мектептерінде «Sanaly Uraq» студенттік клубымен бірлесіп «Төле би – адалдық пен әділеттіліктің негізін қалаушы» атты адалдық сағаты өтті.

Төле бидің философиялық ойлары қазіргі заманда да өзекті. Төле бидің өмірлік ұстанымындай болған «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген сөзі адалдық пен парасаттылықтың, әділдік пен туралықтың биік өлшемі. Нақты осы қасиеттері бүгінгі өскелең жас ұрпақ үшін – таптырмас өнеге.

Фармация мектебінің деканы И.В.Лосева студенттердің дәрісті талқылауға белсенді қатысқанын және жоғары білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасын білдіретіндігін атап өтті. Мейіргерлік білім беру мектебінің кураторлары онлайн-дәрісті қарағаннан кейін білім беру ортасында адалдық пен парасаттылық қағидаттарын сақтаудың маңыздылығын талқылау үшін пікірталас алаңын ұйымдастырды. Қоғамдық денсаулық және биомедицина мектебі деканының орынбасары А.М. Камарова мектеп білім алушыларына университеттің академиялық адалдықты қамтамасыз ету және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру саясаты туралы тағы бір рет еске салды. Өз кезегінде мектеп білім алушылары және «Sanaly Uraq» студенттік клубының белсенділері қазақтың ұлы философтары мен ойшылдарының философиясы призмасы арқылы осындай тәрбиелік іс-шаралар өткізу қажеттілігін атап өтті.

Естеріңізге сала кетсек, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) тұрақты негізде заманауи Қазақстанның ұлы тұлғалары мен жас көшбасшыларының еңбегі мен өмір жолына негізделген онлайн «Адалдық сағаттарын» өткізеді.

Комплаенс-кеңсесі

Знай наших!

16 ПРИЗОВЫХ МЕСТ В ОЛИМПИАДЕ!

Представители студенческой республики «Самрук» совместно с преподавательским составом и сенатом Школы Фармации, провели олимпиаду «Медициналық мұра 2021» для студентов 1 курса обучения.



Олимпиада проводилась по истории Казахстана, биологической химии, биологии и медицинской химии. В олимпиаде приняли участие 53 студента, из них призовые места заняли 16 студентов.

Победители олимпиады:

История Казахстана

1 место - Елеунтаева Назгуль

2 место - Тұрғанали Нұрқожа, Даулет Балжан

ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНО ОСВОИЛИ МАТЕРИАЛ

В период с 15.02.2021 г. по 05.03.2021 г. в НАО «МУК» по академической мобильности старшим преподавателем кафедры фармацевтических дисциплин академии «Bolashaq» Г.Н. Тукубаевой были проведены онлайн-занятия по дисциплине «Гигиенаға кіріспе» со студентами 2-го курса образовательной программы 6B07201- ТФП (Технология фармацевтического производства).

При изучении каждой темы по дисциплине «Гигиенаға кіріспе» студенты последовательно осваивали материал, начиная с мотивационной характеристики темы, целевых установок до достижения конечного результата, который проверен по вопросам, приведенным в конце темы. При изучении необходимых объектов студентам были предложены ориентировочные основы действий и задачи контрольно-обучающего характера.

В процессе обучения студенты имели в своем распоряжении комплекс необходимых пособий: учебник, информационно-дидактические блоки, методические указания. Главной задачей преподавателя было формирование у студентов гигиенического подхода для создания здоровых и безопасных условий труда работающего персонала. Были использованы достижения и выводы многих научных дисциплин, прямо или косвенно связанных с задачами создания здоровых и безопасных условий труда. Изучены единые требования в области безопасности и охраны труда посредством разработки и принятия нормативно-правовых актов.

Байқаулар

ӘЛЕМНІҢ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ МЕРЕКЕЛЕРІ

Шуақты көктемнің алғашқы айының 1-5 күндері аралығында «KMU-Life» жас журналисттер клубы «Әлемнің ең қызықты мерекелері» - атты мақалалар байқауын ұйымдастырды. Байқаудың мақсаты - жас журналистердің мақала жазуға деген қызығушылығын арттыру, патриоттыққа тәрбиелеу, патриоттық рухты көтеру, жаңа мәліметтермен бөлісу, сөз мәдениетін сақтау, жаңашылдыққа ұмтылдыру.

Қабылданған жұмыстарды тексеруге арнайы критерийлер қойылды: орфографиялық қателіктердің болмауы, бөлімдердің бір-бірімен байланысуы, мақалада тақырыптың мазмұны ашылуы. Байқауға 20-дан астам жұмыс қабылданды.

Байқау қорытындысы бойынша I орын Бекенова Улдана, II орын Дүйсен Аяжан, III орын Басқар Бибінұр жеңімпаз атанды. Номинациялар бойынша «Үздік танымдық мақала» - Дәулет Балжан, «Үздік ақпараттық мақала» - Айнабекова Аяна, «Ең қызықты мақала» - Тұрлыбек Ернұр ие болды. Жеңімпаздар арнайы Дипломдар мен Алғыс хаттармен марапатталды.

Қатысушыларға алғыс айтамыз, қаламдары шыңдала берсін, жазар мақалалары мазмұнды, ақпараттары мағыналы болуын тілейміз.

Отдел по работе с молодежью

РАЗГОВОР О ГЕНДЕРНОМ НЕРАВЕНСТВЕ

Вопрос гендерного равенства всегда был популярным для обсуждения в обществе. Все говорят о значимости равенства, все к этому стремятся. Однако тема насилия, основанного на гендерной принадлежности, и отсутствие равенства в обществе реже является поводом для обсуждений.

Именно поэтому члены Постоянного комитета SCORA LC_KazMSA_KMU совместно с LC_KazMSA_AMU провели ряд совместных мероприятий на тему «Ликвидация гендерного насилия и неравенства», целью которых было повысить уровень осведомленности о причинах и следствиях насилия в отношении женщин.

На платформах ClubHouse и Instagram ребята совместно с общественным деятелем по вопросу прав женщин Алией Жолболдиной обсудили темы гендерного неравенства и насилия, оценили уровень осведомленности населения по данному вопросу и пришли к определенным выводам.

Адалдық сағаты

ҚАЗЫБЕК БИ МҰРАСЫНДАҒЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Әділдік, парасаттылық қағидаттары және дала данышпаны, Қазақ хандығының көрнекті саяси қайраткері Қазыбек бидің дана сөздері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті «Адалдық сағатына» арқау болды.

Қаз дауысты Қазыбек би – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан тарихында өзіндік орны бар тұлға.

Қазыбек бидің өмірі жанкешті істер мен батыл шешімдерге толы болды.

Ол реформатор, шешен, дипломат-бітімгер.

Парақорлық пен әділетсіздікті – қазақтың түбіне жететін ауыр дерт. Оны тек таза ниет пен адал істермен жеңуге болады, деді ол.

Қазыбек би үшін адамгершілік, ең жоғарғы адами құндылық ретінде бірінші орында тұрды. Мысалы «Өркенім өссін десең, кекшіл болма – кесапаты тиер еліңе. Елім өссін десең, өршіл болма – өскенінді өшірерсің», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деп айтып, әр қабылданар шешім мен істің тек бір адамның ғана емес, тұтастай елдің тағдырына әсер ететінін жеткізген.

Қазыбек би бір оқ атпай, артық қантөгіссіз ең күрделі мәселелерді шеше алған.

Ең мықты хандар мен қасарысқан жаулар да оның сөзіне құлақ асқан, өйткені Қазыбек би оларды сөзі мен даналығымен таң қалдырған. Оларды жүректеріне жеткізіп айта білген.

Ол сондай-ақ бытыраңқы қазақ руларын біріктіріп, бейбітшілік пен келісімге шақырды. Өзінен кейін халқы өмір сүрген әділ заңдар қалдырды.

Тапқырлық, шешендік, шыншылдық – адалдық сабағында қозғалған Қазыбек бидің үш қасиеті.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Рухани жаңғыру аясындағы - Наурыз мейрамы жастардың көзқарасымен

Дәл осы мереке қарсаңында «Рухани жаңғыру аясындағы - Наурыз мейрамы жастардың көзқарасымен» атты тақырыбында 3 наурыз 2021 жылы Microsoft Teams платформасында онлайн-тәрбие сағаты жүргізілді.

Бұл шара университеттің тәрбие жұмысының жоспары бойынша жүргізілді. Онлайн-тәрбие сағатына жалпы медицина факультетінің 3-019, 3-021, 3-024, 3-020 топ студенттері қатысты. Онлайн-тәрбие сағатында студенттер өз облысында қалай тойланатын жайлы қысқаша ой-пікірлерінмен бөлісті. Ұйымдастырушысы жалпы медицина студенті А.Е. Қуатбек. Жетекшісі клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасының оқытушысы А.Р. Романова.

Құрметті ұстаздар мен студенттер дәстүрімізге айналған Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесі құтты болсын. Бұл мереке көктем мен еңбектің, достық пен бірліктің, халқымыздың салт-дәстүрлерін құрметтейтін, өнегелі - өнерлі азамат тәрбиелейтін ұлттық мейрамымыз.

Тәрбие – кемел болашақтың кепілі

«Тәрбиелеу дегеніміз бұл – халықтардың тұла бойына білімге негізделген этникалық игіліктерді және өнерлерді дарыту»
Әбунасыр Әл-Фараби

Еліміздің болашағы болатын, тәуелсіз мемлекеттің ұлттық болмысын сақтай алатын ұрпақтарды тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі мақсаты болып отыр. Ал ол үшін болашақ ұрпақтың тұлғалық болмысын қалыптастырып, оның рухани – мәдениетін дамыту басты мәселе.

Бұл мәселеге халық тағылымы салт – дәстүрдің қосар үлесі өте көп. Қазақта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген дана сөз бар. Сондықтан жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани қазынасымен оның ұлттық тәрбиесімен әдет – ғұрып, салт – дәстүрмен тереңірек танысу қажеттігі бірініші орынға қойылып отыр. Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны сияқты, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры болады. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс. Әрбір ұрпақ өзінен бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғандығы үшін, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері болып – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық үлгілері болып табылады. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Ұлттық тәрбие – адам өмірінің алтын арқауы, негізі діңгегі. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұлттық тәрбие жалпы – адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп бір екпінде жатады. Бұлар бірін-бірі байытып, құнарландырып отырады. Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам – рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени

және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді.

Қазіргі қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы делінген. Себебі, «Әр адам – өз заманының баласы». Сол себепті де адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды делінген. Тәрбиелі адам – ата-баба дәстүрін құрмет тұта білетін, тілі мен тарихынан, дінінен ада емес, сонымен қатар өзге тілдерді де игеруге құштар, басқа елдің мәдениетін қабылдай алатын толерантты, білімді, кәсіп игерген Отаншыл азамат. Осындай қасиеттерді бойына жиған азамат ұрпақтар арасындағы тарихи сабақтастық негізінде ғылым-білімді игеру арқылы қалыптасуы тиіс. Адамзаттың қай дәуірінде, қай елінде болмасын, болашақ ұрпақ тәрбиесі өзекті болып келген. Себебі тамырын тереңге жайған адами құндылықтарды бойына сіңірген тәрбиелі, білім мен ғылымды игерген ұрпақ қана кемел келешектің кепілі бола алады. Елдіктің өзегі саналатын ұрпақтар сабақтастығы болуы үшін тәрбие мазмұнды, ғылым сапалы деңгейге көтеріліп, мәдениеттің өзегіне айналуы қажет. Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фараби «Адамға білімнен бұрын тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп түйіндесе, ойшыл Абай атамyz «Адам бол», заңғар жазушы М. Әуезовтың «Бесігінді түзе» деген даналыққа толы сөздерін алға тартқан. Осы себепте де тәрбие дегенде, ата-бабамыздың дәстүрін, бабаларымыздың тағылымын рухани өмірдің бағдары етіп алсақ, ғылым дегенде, батыстық инновация мен олардың ғылыми жетістігі экономикалық дамудың бағдары болуы шарт.

Халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан рухани құндылықтар жүйесімен тәрбиеленген, ғылым-білімді игерген ұрпақ қалыптастыру арқылы азаматтық біртектілікке қол жеткізе отырып, дамудың даңғыл жолына түсеміз деген ойдамын.

Тарихи сабақтастық жолы арқылы ұрпақ тәрбиелесек, ғылым жолымен инновацияға жол ашамыз. Бұл сонау «елім деген ерлердің» салып кеткен сұрлеуінен, «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолынан» бастау алған, бүгінде көшбасында Елбасы тұрған Тәуелсіз Қазақстанның «Нұрлы жолы».


Жалпы медицина мектебінің 3-ші курс студенттері:
Назарқұл А.С., Асқар Е.Қ.

Жетекшілік жасаған клиникалық фармакология және дәлелді медицина кафедрасының ассистент-профессоры: Асмагамбетова М.Т.

Лыжня здоровья

Центр физического здоровья Медицинского университета Караганды 13 марта 2021 года организовал спортивно-оздоровительное мероприятие «Лыжня здоровья», в котором приняли участие все желающие. Самые активные были награждены грамотами.

Центр Физического здоровья



Редакционная коллегия:
Р. С. Досмагамбетова
Председатель
редакционного совета
В. Б. Молотов-Лучанский
Редактор
Т. Хватикова
Компьютерная верстка
А. Маралбай
Дизайн
А. Бакбергенова
Фото
К. Павленко

Регистрационное свидетельство №16468-Г от 21.04.2017 г.
выдано Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан
Собственник: НАО «Медицинский университет Караганды»
Министерства здравоохранения РК
Адрес редакции: 100008, г. Караганда,
ул. Гоголя, 40, каб. 137.
Телефоны: 8 (712) 50-06-31. E-mail: info@qmu.kz
Выходит 1 раз в месяц. Тираж: 500 экз.

Отпечатано в Библиотечно-издательском центре
НАО «МУК».
г. Караганда, ул. Гоголя, 40.
Тел.: 8(712) 51-38-97 (доб. 1427)
Звонить: по вопросам публикации -
8 (712) 50-39-30, (доб. 1228)
по распространению газеты - 8 (712) 50-39-30
Опубликованные материалы не всегда отражают
точку зрения редакции. Ответственность за
достоверность сведений, содержащихся
в публикациях газеты, несут авторы публикаций.



100008, г. Караганда, ул. Гоголя, 40
тел.: +7/7212/ 51 34 79